

ОӘЖ 614.8

А. Ж. Мендыбаев, Р. С. Баймағанбетов, Т. К. Ақжанов

*Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы,
Көкшетау, Қазақстан*

КУРСАНТТАРДЫ ЗАРДАП ШЕККЕН ОРТАДА ӨЗІН-ӨЗИ ҚҰТҚАРУҒА ҮЙРЕТУ

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақстан Республикасы ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы күндізгі оқу факультетінің курсанттарын өрт сөндіру барысында қолайсыз жағдайлар туындаған кезде өрт сөндірушілерді адамдарды құтқару әдісі ретінде құтқарып, таза ауаға шығаруға үйрету жағдайы қарастырылған.

Тәжірибе Қазақстан Республикасы ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының 1-ші оқу зертханалық корпусында өткізілді. Тәжірибе өткізу барысында өрт сөндірушілерді құтқарудың бірнеше тәсілі қарастырылған.

Түйінді сөздер: өрт сөндірушілердің өлімінің негізгі себептері, эмоционалды жағдайы, дүрбелең, қатты жүйке толқуы, табиғи апат, өрт сөндірушілер.

Өрт сөндіруші мамандығы – қоғамдағы ең маңызды мамандықтардың бірі. Қазіргі таңда көптеген адамдарға өрт сөндірушілердің көмегі қажет емес, бірақ кез келген уақытта тілсіз жау орын алған жағдайда өрт сөндірушілердің көмектері қажет екені бірден көзге түседі. Кез-келген қалада, тіпті ауылды елді-мекендерде міндетті түрде өрт сөндіру бөлімшелері болуы керек, өйткені өрттер кез-келген жерлерде болады және оларды сөндіру үшін кәсіби мамандар міндетті түрде қажет. Өрт-бұл құрғақ ауа-райында үлкен аумақты күлмен жабылған қара шөлге айналдыруға қабілетті күшті элемент. Өрттен құтқарушылардың міндеті бірінші кезекте адамдарды, содан кейін материалдық құндылықтарды, құрылыстарды, ормандарды, ауыл шаруашылығы алқаптарын және т.б. құтқару болып табылады. Олардың ерліктерінсіз өртте құрбан болған адамдардың саны және олардың материалдық шығындары біздің еліміздің ауқымында апатты көлемге ие болар еді [1].

Өрт сөндірушілердің кәсіби міндеттерін орындау төтенше жағдайларда жүзеге асырылады. Өрт сөндірушілер арасындағы өлім-жітім әскери теңізшілер мен құрылысшылардың өлім санына қарағанда жоғары тұрады, яғни өрт сөндірушілер көптеген басқа мамандық иелеріне қарағанда ертерек дүниеден озады. Себебі орта есеппен 25 жыл қызмет атқарған уақытта өрт сөндірушілер өздерінің денсаулықтарынан айрылып, өрт сөндіру барысында түтінге уланып, күйік шалып, жүрек талмасы ауруларына көп шалдығатыны айқындалған.

Неміс және американдық сарапшылардың пікірінше, өлімнің негізгі себептері түтінмен улану (60 %), инфаркт (22 %), күйік (16 %) [2].

Осы арада елімізде өрт орындарында қаза болған өрт сөндірушілердің ерен еңбектерін айта кеткен жөн деп есептеймін.

1989 жылдың 20 мамырында Алматы қаласы тарихында ең ірі техногендік апат орын алды. Газ тарату станциясының кірме жолына «Пропан» тұрмыстық газы бар алты цистернаны беру кезінде маневрлік тепловозбен құрам соқтығысып, сол кезде теміржол тұйығынан үш жүк вагоны апатқа ұшырады. Соқтығысудан өрт пайда болып, цистерналардың бірі тесіліп, газ ағып кетті.

Өрт сөндірушілердің жанқиярлығы, батылдығы мен кәсібилігінің арқасында жалындаған от толығымен бағындырылды. Бірақ қала тұрғындары орны толмас ауыр шығындарға ұшырады, 9 өрт сөндіруші қаза тапты, 16 қызметкер жарақат алды.

26 тамыз 2021 жылы кешкі сағат жеті шамасында Тараз қаласының маңындағы әскери қойма жанында жарылыс болды. Салдарынан 13 адам қаза тауып, 50-ге жуық қызметкері түрлі дәрежеде дене жарақатын алған. Бұл азаматтардың өшпес ерліктері болашақ жас ұрпақтың және де Төтенше жағдайлар министрлігі қызметкерлерінің жүректерінде мәңгі орын алатындарына толығымен сенеміз.

Қазақстан Республикасында өрт сөндірушілер өлімінің себептері осындай заңдылықтарға ие. Өрт сөндірушілер апаттық барлау кезінде, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде, ғимараттардан адамдарды құтқару кезінде, тұрғын үй-жайлардың күрделі орналасуымен, конструкциялардың құлауымен, күйікке оранумен, газ-түтіннен қорғау буынының жоғалуымен, ауа қорының сарқылуымен және өрт сөндірушілердің жарақаттануы мен өліміне ықпал ететін көптеген басқа себептермен бетпе-бет келеді, бұл өрт сөндірушілерді құтқару әдісінің жоқтығын көрсетеді [3].

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы күндізгі оқу факультетінің курсанттарын өрт сөндіру барысында қолайсыз жағдайлар туындаған кезде өрт сөндірушілерді адамдарды құтқару әдісі ретінде құтқарып, таза ауаға шығаруға үйрету жағдайы қарастырылған. Қазіргі таңда ең ауқымды сұрақтардың бірі яғни өрт орын алған жағдайда өрт сөндірушілер зардап шеккен адамдарды таза ауағы алып шығады, ал егерде осы жағдайға өрт сөндірушілер өздері тап болса оларға қандай көмек көрсетіледі? Сол себептен аталған оқу орыны елімізде өрттен құтқарушыларды даярлайтын жалғыз оқу орыны болғандықтан курсанттарды өрт сөндіру барысында өздерінің жеке құрамдарын қалай құтқару керек екендіктерін оқып үйрету қазіргі таңда бастама болып отыр. Күндізгі оқу факультетінің курсанттарымен осы бағыт бойынша Азаматтық қорғау академиясының ғимаратында практикалық сабақтар өткізіліп, тәжірибе жұмыстары одан әрі жалғасуда.

Тәжірибе 1. ГТҚК буыны зардап шеккен өрт сөндірушіні құтқару үшін барлауды жүргізе отырып, буынның ажырау фактісіне жол бермеу мақсатында бір-бірлеріне трос арқылы жалғанады (1 сурет).




Сурет 1 – Барлау жүргізуге дайындық

Зардап шеккен өрт сөндіруші қайда екені белгісіз, бұл ретте оның жағдайы оттың таралуымен, өрттің жоғары температурасымен, түтінмен және қараңғылықпен қиындайды. Құтқару барлау тобы зардап шеккен құтқарушыны іздеу жұмыстарына кіріседі (2, 3 суреттер).



Сурет 2 – Тыныс алуға жарамсыз ортаға кіру



Сурет 3 – Зардап шегушіні іздестіру жұмыстары

Зардап шегушіні тасымалдау.

Бұл екі құтқарушы жасай алатын тасымалдаудың негізгі әдісі.


1. Зардап шеккен өрт сөндірушіні тапқан кезде құтқарушы оны арқасына аударып, оның жай-күйіне баға береді.

2. Бір құтқарушы зардап шегушінің басында, ал екінші құтқарушы аяқ жағында орналасады.

3. Құтқарушылар зардап шегушіні отырғызып, аяқтарын тізесіне бүгеді. Егер зардап шегуші ес-түссіз күйде болса, 2 құтқарушы зардап шегушіні тыныс алу аппаратының иық бауларынан тартуға тиіс.


4. Екі құтқарушы да аяқтың бұлшық еттерін ширатып, орнынан тұрып, зардап шеккен өрт сөндірушіні көтереді.

5. Құтқарушылар зардап шеккен өрт сөндірушіні қауіпсіз аймаққа көшіреді. Егер оқиға орнында қосымша күштер болса, олар құтқарушыларға қозғалыс бағытын көрсете алады (4 сурет) [4].



Сурет 4 – Байланыс қызметін тексеру

Тәжірибе 2. ГТҚҚ буынының екі мүшесін құтқару (5, 6 суреттер).
Құтқару әдісі:
Зардап шеккенді «Ломның көмегімен» тасымалдау техникасы.



Сурет 5 – Зардап шеккенді «Ломның көмегімен» тасымалдау техникасы




Сурет 6 – ГТҚҚ буынының жұмыс тәртібі

Зардап шеккен өрт сөндірушіні «Бүйірден» сүйреу техникасы.
Екі құтқарушы зардап шеккен адамның екі жағында тұрып, осы әдісті қолдана алады (7, 8 суреттер).



Сурет 7 – Зардап шегушіні құтқару әдісі



Сурет 8 – «Бүйірден» сүйреу техникасы

Тәжірибе 3. Жертөлеге құлаған және жарақат алған, бірақ есін жоғалтқан өрт сөндірушіні жеңінің көмегімен көтеру (9, 10 суреттер).



Сурет 9 – Жертөлеге құлаған зардап шегушіні құтқару



Сурет 10 – Зардап шегушіні жеңінің көмегімен көтеру

Егер өрт сөндіруші жертөледе жоғары температура салдарынан немесе жарақат салдарынан аяқтарына көтеріле алмаса, ол жалпақ жеңге жатып құтқарылуы әбден мүмкін. Содан кейін оны жоғарыда сипатталғандай көтеруге болады.

Құтқару әдісі:

1. Құтқару буыны жеңнің иілуін жоғарыдан түсіреді.
2. Өрт сөндіруші жеңіне қарай қолтық астына өтіп, шынтақтарын денесіне басады.
3. Жоғарғы жағында орналасқан құтқару буыны жеңнің екі ұшын бір уақытта екі жағынан тартуы керек. Екі жағынан да серпілістер біркелкі болуы және өрт сөндірушінің бір жағынан екінші жаққа бұрылмауы маңызды.

4. Өрт сөндіруші жеткілікті биіктікке көтерілгеннен кейін құтқарушы оның тыныс алу аппаратының иық белдігінен ұстап, оны тартып шығарады [5].

Өрт сөндірушіні өрт сөндіру барысында қиыншылыққа ұшыраған кезде құтқару үшін арнайы «Өртті барлау және өрт сөндірушіні құтқару» буыны құрылу қажет. Қазіргі таңда елімізде бұндай барлау тобы әлі құрылмаған. Сол себепті күндізгі оқу факультетінің курсанттарын осындай барлау топтарында жұмыс істеуге үйретіп, алдағы уақытта «Өрт тактикасы» пәніне «Зардап шеккен өрт сөндірушіні адамды құтқару әдісі ретінде құтқару» атты тақырыпта бір бөлім қосу жоспарлануда.

Әдебиеттер тізімі

1. Петров Н. Н. Төтенше жағдайда адамдарды құтқару // Оқу құралы. – Челябинск, Оңтүстік-Орал Калан баспасы, 1997. – 127 б.
2. Гафнер В. В., Петров С. В., Забара Л. И. Әлеуметтік сипаттағы қауіптер және олардан қорғау оқу құралы // В. В. Гафнер, С. В. Петров, Л. И. Забара; Екатеринбург: ГОУВПО «Урал мемлекеттік педагогикалық университеті», 2010. – 264 б.
3. Зорин А. М. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардағы (ТЖ) тұрғындардың әрекеттері. Бірлік 1. – М.: СМУ, 1996. – 38 б.
4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Төрағасының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 120 Бұйрығы «Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамын тактикалық-арнайы даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламасы». 27 б.
5. Құсайынов Қ. Қ. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мамандардың жеке құраммен психологиялық жұмысы // Көкшетау техникалық институтының хабаршысы. – 2020. – № 4 (40). – Б. 15-24.

References

1. Petrov N. N. *СНеловек в чрезвычайных ситуациях: учебное пособие*. – Челябинск, ЮУзх.-Урал. КН. Изд-во, 1997. – 127 s.
2. Gafner V. V., Petrov S. V., Zabara L. I. *Opasnosti social'nogo haraktera i zashchita ot nih: uchebnoe posobie / V. V. Gafner, S. V. Petrov, L. I. Zabara*. – Ekaterinburg: GOU VPO «Ural. gos. ped. un-t», 2010. – 264 s.
3. Zorin A. M. *Dejstviya naseleniya v чрезвычайных ситуациях (СНС) природного i tekhnogennogo haraktera. YUnita 1*. – М.: SGU, 1996. – 38 s.
4. *Приказ Председателя Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан от 22 мая 2015 года № 120 «Программа тактико-специальной подготовки, повышения квалификации i perepodgotovki ryadovogo i nachal'stvuyushchego sostava organov gosudarstvennoj protivopozharnoj sluzhby»*.
5. Kusainov K. K. *Psichologicheskaya rabota specialistov s lichnym sostavom v usloviyah чрезвычайных ситуаций природного i tekhnogennogo haraktera // Vestnik Kokshetausкого tekhnicheskogo instituta – 2020. – № 4 (40). – S. 15-24.*

А. Ж. Мендыбаев, Р. С. Баймаганбетов, Т. К. Акжанов
*Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина
МЧС Республики Казахстан, Кокшетау, Казахстан*

ОБУЧЕНИЕ КУРСАНТОВ САМОПОМОЩИ В НЕПРИГОДНОЙ ДЛЯ ДЫХАНИЯ СРЕДЕ

Аннотация: В данной статье рассмотрены методы спасения человека при пожаре на примере курсантов факультета очного обучения Академии гражданской защиты имени М. Габдуллина МЧС Республики Казахстан. Эксперимент предусматривал возникновение нештатной ситуации в работе звена газодымозащитной службы (потеря ориентира, получение травмы и т. д.), после чего поступал сигнал о попадании звена в нештатную ситуацию. Команда быстрого реагирования, сформированная из числа курсантов, отрабатывала элементы поиска и транспортировки пострадавших на свежий воздух, руководствуясь основными принципами аварийной разведки и спасения пожарных. Эксперимент проводился в учебно-лабораторном корпусе Академии.

Ключевые слова: основные причины смерти пожарных, эмоциональное состояние, паника, сильное нервное возбуждение, стихийное бедствие, пожарные.

A. Zh. Mendybaev, R. S. Baimaganbetov, T. K. Akzhanov
*Civil Defence Academy named after Malik Gabdullin MES
of the Republic of Kazakhstan, Kokshetau, Kazakhstan*

TRAINING OF SELF-HELP CADETS IN THE AFFECTED ENVIRONMENT

Abstract: This article considers the case of teaching cadets of the Faculty of full-time education of the M. Gabdullin Academy of Civil Protection of the Ministry of Emergency Situations of the Republic of Kazakhstan to rescue and bring firefighters to fresh air as a way of saving people in the event of adverse conditions during fire extinguishing.

The experiment was conducted in the 1st educational laboratory building of the M. Gabdullin Academy of Civil Protection of the Ministry of Emergency Situations of the Republic of Kazakhstan. During the experiment, several ways of rescuing firefighters are provided.

Key words: the main causes of death of firefighters, emotional state, panic, strong nervous excitement, natural disaster, firefighters.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about the authors

Айадил Жангелдыұлы Мендыбаев – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы жедел-тактикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы. Қазақстан, Көкшетау Ақан Сері көшесі, 136. E-mail: m.aiadil@bk.ru

Руслан Советұлы Баймағаңбетов – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы жедел-тактикалық пәндер кафедрасының бастығы. Қазақстан, Көкшетау Ақан Сері көшесі, 136. E-mail: ruslanalua@mail.ru

Тұрлыбек Казбекұлы Ақжанов – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы жедел-тактикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы. Қазақстан, Көкшетау Ақан Сері көшесі, 136. E-mail: akzhanovt@yandex.kz

Мендыбаев Айадиль Жангельдыұлы – старший преподаватель кафедры оперативно-тактических дисциплин Академии гражданской защиты им. М. Габдуллина МЧС Республики Казахстан. Казахстан, Кокшетау, ул. Акана Серэ, 136. E-mail: m.aiadil@bk.ru

Баймаганбетов Руслан Советович – начальник кафедры оперативно-тактических дисциплин Академии гражданской защиты им. М. Габдуллина МЧС Республики Казахстан. Казахстан, Кокшетау, ул. Акана Серэ, 136. E-mail: ruslanalua@mail.ru

Ақжанов Тұрлубек Казбекович – старший преподаватель кафедры оперативно-тактических дисциплин Академии гражданской защиты им. М. Габдуллина МЧС Республики Казахстан. Казахстан, Кокшетау, ул. Акана Серэ, 136. E-mail: akzhanovt@yandex.kz

Mendybayev Ayadil – Senior Lecturer of the Department of Operational and Tactical Disciplines of the Civil Defence Academy named after Malik Gabdullin MES of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan, Kokshetau, 136 Akana Sere Street. E-mail: m.aiadil@bk.ru

Baimaganbetov Ruslan – Head of the Department of Operational and Tactical Disciplines of the Civil Defence Academy named after Malik Gabdullin MES of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan, Kokshetau, 136 Akana Sere Street. E-mail: ruslanalua@mail.ru

Akzhanov Turlubek – Senior Lecturer of the Department of Operational and Tactical Disciplines of the Civil Defence Academy named after Malik Gabdullin MES of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan, Kokshetau, 136 Akana Sere Street. E-mail: akzhanovt@yandex.kz